

"Кәсіптік одақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 1019 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Кәсіптік одақтар туралы

Осы Заң азаматтардың бірлесу бостандығына конституциялық құқығын іске асыруына, кәсіптік одақтарды құруға, олардың қызметіне, оларды қайта ұйымдастыруға және таратуға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) аумақтық кәсіподақтар бірлестігі – аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі кәсіподақтар бірлестігі;
- 2) әлеуметтік әріптестік – қызметкерлердің (қызметкерлер өкілдерінің), жұмыс берушілердің (жұмыс берушілер өкілдерінің), мемлекеттік органдардың арасындағы өзара қарым-қатынастың олардың еңбек қатынастарын және солармен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу мәселелері жөніндегі мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған жүйесі;
- 3) бастауыш кәсіподақ ұйымы – жергілікті немесе салалық кәсіподақтың тікелей ұйымдағы және осы ұйым қызметкерлері болып табылатын кәсіподақ мүшелерінен тұратын құрылымдық бөлімшесі;
- 4) жергілікті кәсіподақ – қызметкерлердің ортақ өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты бірлестігі;
- 5) кәсіподақ мүшесі – әскери қызметшілерді, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және судьяларды қоспағанда, кәсіподақтың құрамына кіретін, оның жарғысын мойындайтын және сақтайтын,

мүшелік кәсіподақ жарнасын төлейтін жеке тұлға;

6) кәсіптік одақтар (кәсіподақтар) – өндірістік-салалық қағидат бойынша өздерінің кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін азаматтар ерікті түрде құратын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктер;

7) кәсіподақ органы – кәсіподақтың жарғысына сәйкес құрылған атқарушы орган;

8) мүшелік ұйым – осы Заңда айқындалған тәртіппен салалық кәсіподақтың, аумақтық, республикалық кәсіподақтар бірлестігінің құрамына қатысушы ретінде кіретін, оның жарғысын мойындайтын және сақтайтын кәсіподақ, аумақтық кәсіподақтар бірлестігі;

9) республикалық кәсіподақтар бірлестігі – салалық кәсіподақтардың бірлестігі;

10) салалық кәсіподақ – ортақ өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты, қызметтің бір саласы (экономикалық қызмет түрлері немесе кіші түрлері) және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің бірлестігі.

2-бап. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгендерден өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның адамдардың жекелеген санаттары үшін қолданылу ерекшеліктері

Осы Заңның ережелері республикадан тыс жерде қызметтік іссапарда жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ кәсіподақ құру және оның қызметін қаржыландыру құқығы шектеле отырып, Қазақстан Республикасында тұратын және жұмыс істейтін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеуі Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең шарттарда жүргізіледі.

4-бап. Кәсіподақтар құру бостандығы

Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіподақтарға бірігуге құқығы бар.

Кәсіподақтар өз мүшелерінің тең құқықтылығы негізінде құрылады. Бір сала, ұйым шеңберінде құрылатын кәсіподақтардың саны шектелмейді.

Барлық кәсіподақтарға бір мәртебе шеңберінде тең құқықтық мүмкіндіктер беріледі.

Кәсіподақ құруға кедергі келтіруге, оның қызметіне қарсы іс-қимыл жасауға, тиісінше оның ішкі істеріне араласуға жол берілмейді.

5-бап. Кәсіподақтарды құру және олардың өзара қарым-қатынас жасау қағидаттары

Кәсіподақтар өндірістік-салалық қағидат бойынша құрылады.

Кәсіподақтар жарғыларын, құрылымын дербес әзірлейді және бекітеді, кәсіподақ органдарын құрады, өз қызметін ұйымдастырады, жиналыстар, конференциялар, съездер және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да іс-шараларды өткізеді.

Кәсіподақтар өз қызметінде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардан, саяси партиялардан, жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктерінен тәуелсіз болады, олардың бақылауында болмайды және оларға есеп бермейді.

6-бап. Кәсіподақтардың халықаралық байланыстары

Кәсіподақтар жарғылық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес халықаралық кәсіподақ бірлестіктеріне кіруге, шетелдік кәсіподақтармен және еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін өзге де ұйымдармен ынтымақтастық жасауға, олармен шарттар мен келісімдер жасасуға құқылы.

7-бап. Азаматтарды кәсіподақтарға тиесілілік белгісі бойынша кемсітушілікке тыйым салу

Кәсіподақтарға тиесілілік азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен кепілдік берілетін еңбек, әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге әкеп соқпайды.

Қызметкердің кәсіподаққа тиесілілігі, оған кіруі немесе одан шығуы себебінен жұмысқа қабылдау кезінде кемсітушілікке, жұмыста жоғарылатуға, сондай-ақ жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуға тыйым салынады.

Адамдарды кәсіподаққа кіруден қалыс қалуға, бір кәсіподақтан шығып, басқасына кіруге, кәсіподақты өз бетінше таратуға мәжбүрлеу мақсатында оларға қоқан-лоқы көрсетіп немесе басқа да заңсыз іс-әрекеттермен ықпал етуге тыйым салынады.

2-тарау. Кәсіподақтарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату

8 - б а п . К ә с і п о д а қ к ұ р у

Кәсіподақ өздерінің кәсіптік және өндірістік мүдделерінің ортақтығымен байланысты жарғы бекітілетін және кәсіподақ органдары құрылатын құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақыратын кемінде он адамнан тұратын азаматтар тобының бастамасы бойынша құрылады.

Мүшелікке өту және одан айыру шарттары мен тәртібі кәсіподақтың жарғысында айқындалады.

Кәсіподақтың заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігі мемлекеттік тіркелген кезден бастап пайда болады.

9 - б а п . К ә с і п о д а қ т ы ң ж а р ғ ы с ы

1. К ә с і п о д а қ т ы ң ж а р ғ ы с ы н д а :

- 1) кәсіподақтың атауы, орналасқан жері, қызметінің нысанасы мен мақсаттары;
 - 2) жеке тұлғалардың мүшелігі, мүшелікке өту және одан айырылу, одан шығу ш а р т т а р ы м е н т ә р т і б і ;
 - 3) мүшелік ұйым ретінде салалық кәсіподаққа, республикалық кәсіподақтар б і р л е с т і г і н е м ү ш е л і к ;
 - 4) кәсіподақтың ұйымдық құрылымы;
 - 5) кәсіподақ органдарын қалыптастыру тәртібі, олардың құзыреті және өкілеттіктерінің м е р з і м д е р і ;
 - 6) кәсіподақтың және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде әлеуметтік әріптестік органдарды, кәсіподақтар мен олардың өзі мүшелік ұйымы болып табылатын бірлестіктерінің органдары қабылдайтын шешімдерді орындаудың м і н д е т т і л і г і ;
 - 7) кәсіподақтың ақшалай қаражаты мен өзге де мүлкінің қалыптасу көздері, кәсіподақтың мүлікті басқару бойынша құқықтары;
 - 8) мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеу және оларды бөлу тәртібі;
 - 9) өз мүшелеріне ақшалай қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы хабарлау т ә р т і б і ;
 - 10) кәсіподақтың жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
 - 11) кәсіподақты қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдау тәртібі, сондай-ақ кәсіподақ таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі көзделуге тиіс.
2. Жарғыда кәсіподақ қызметінің нысанасына қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер көзделуі мүмкін.

10-бап. Кәсіподақтарды мемлекеттік тіркеу

1. Кәсіподақтарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасына с ә й к е с жүргізіледі.

Кәсіподақты мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттар кәсіподақтың құрылтай съезі (конференциясы, жиналысы) өткізілген күннен бастап екі айдан кешіктірілмей тіркеуші о р г а н ғ а ұ с ы н ы л а д ы .

2. Республикалық, аумақтық кәсіподақтар бірлестігі, салалық және жергілікті кәсіподақ тіркелген күнінен бастап алты ай өткенге дейін өзін тіркеген органға осы Заңның 12-бабының 1-тармағында, 13-бабының 2-тармағында, 14-бабының 1 және 2-тармақтарында, 15-бабының 1-тармағында көзделген талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарды орындамау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіподақтарды мемлекеттік тіркеудің күшін жоюға әкеп соғады.

4. Тіркеуші органның шешімдеріне сот тәртібімен шағымдануға болады.

11-бап. Кәсіподақты қайта ұйымдастыру және тарату

Кәсіподақты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. Кәсіподақтардың және олардың бірлестіктерінің мәртебесі

12-бап. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі

1. Облыстар аумағының жартысынан астамында мүшелік ұйымдары бар республикалық кәсіподақтар бірлестігін салалық кәсіподақтар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрады.

2. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі республикалық деңгейдегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылады.

3. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі кәсіподақтардың қызметінің құқықтық кепілдіктерін республикалық деңгейде қамтамасыз етуге, кәсіподақтар мүшелерінің әлеуметтік, еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау мәселелерінде мүшелік ұйымдардың іс-қимылын үйлестіруге жәрдемдеседі.

4. Республикалық кәсіподақтар бірлестігінің негізгі функциялары:

1) өзінің мүшелік ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін білдіреді, қорғайды;

2) республикалық кәсіподақтар бірлестігіне кіретін кәсіподақтар қызметінің негізгі бағыттарын, стратегиясын әзірлейді және айқындайды;

3) әлеуметтік әріптестіктің барлық деңгейлерінде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға жәрдемдеседі;

4) республикалық жұмыс берушілер бірлестігімен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен Бас келісім жасасу кезінде әлеуметтік әріптестіктің тарапы болып әрекет етеді, жобаны дайындау және оны жасасу жөніндегі келіссөздерге қатысады;

5) әлеуметтік әріптестік жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның жұмысына қатысады;

6) мүшелік ұйымдармен ынтымақтастық жасайды және оларға шетелдік, халықаралық кәсіподақ бірлестіктерімен және еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін өзге де ұйымдармен байланыс орнатуға жәрдемдеседі;

7) жарғылық мақсаттарды іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі өзінің мүшелік ұйымдары үшін кәсіподақтардың үлгілік жарғысын бекітуге құқылы.

13-бап. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігі

1. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігін кәсіподақтар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрады.

2. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестігі республикалық кәсіподақтар бірлестігінің мүшелік ұйымы болып табылады.

Аудан, қала деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестігі облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі тиісті аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің мүшелік ұйымы болып табылады.

3. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігі өңірлік деңгейдегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылады.

4. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің негізгі функциялары:

1) өзінің мүшелік ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін білдіреді, қорғайды;

2) өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға жәрдемдеседі;

3) өңірлік жұмыс берушілер бірлестігімен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өңірлік келісім жасасу кезінде әлеуметтік әріптестік тарапы болып әрекет етеді, жобаны даярлау және оны жасау жөніндегі келіссөздерге қатысады;

4) әлеуметтік әріптестік жөніндегі өңірлік үшжақты комиссияның жұмысына қатысады;

5) жарғылық мақсаттарды іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14-бап. Салалық кәсіподақ

1. Салалық кәсіподақты сала қызметкерлерінің немесе ұйымдарының жалпы санының кемінде жартысын біріктіретін немесе облыстардың жартысынан астамының аумағында құрылымдық бөлімшелері, ұйымдық мүшелері бар, ортақ өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты, бір қызмет саласының және онымен сабақтас салалардың қызметкерлері құрады.

2. Салалық кәсіподақ республикалық кәсіподақтар бірлестігінің мүшелік ұйымы болып табылады және салалық деңгейдегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылады.

3. Салалық кәсіподақтың негізгі функциялары:

1) өз мүшелерінің, мүшелік ұйымдарының еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін білдіреді, қорғайды;

2) салалық деңгейде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға жәрдемдеседі;

3) салалық жұмыс берушілер ұйымдарының өкілетті өкілдерімен және Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарымен салалық келісім жасасу кезінде әлеуметтік әріптестік тарапы болып әрекет етеді, жобаны даярлау және оны жасау жөніндегі келіссөздерге қатысады;

4) әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық үшжақты комиссияның жұмысына қатысады;

5) жарғылық мақсаттарды іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге

а с ы р а д ы .

4. Салалық кәсіподақ филиалдары мен өкілдіктері салалық кәсіподақтың атынан және оның өкілеттігі шегінде қызметкерлердің өңірлік деңгейде келіссөздер жүргізу жөніндегі өкілетті өкілдері болып табылады.

15-бап. Жергілікті кәсіподақ

1. Жергілікті кәсіподақты, әдетте, ортақ өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты, бір ұйымның қызметкерлері құрады.

Жергілікті кәсіподақ салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымы болып табылады.

2. Жергілікті кәсіподақ ұйым деңгейіндегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылады.

16-бап. Бастауыш кәсіподақ ұйымы

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы ұйымда құрылады, кемінде үш адамнан тұрады және заңды тұлға құрмай, жергілікті немесе салалық кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесі және ұйым деңгейіндегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылады.

Бастауыш кәсіподақ ұйымын құру, қызметін тоқтату тәртібі, құқықтары мен міндеттері жергілікті немесе салалық кәсіподақтың жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бастауыш кәсіподақ ұйымы туралы ережеде айқындалады.

4-тарау. Кәсіподақтардың құқықтары мен міндеттері, кепілдіктері

17-бап. Кәсіподақтардың құқықтары

1. Кәсіподақтардың:

1) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен (қауымдастықтарымен, одақтарымен) және өзге қоғамдық ұйымдармен өзара қатынастарда қызметкерлердің өкілі болуға;

2) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қоюға, медиация жүргізу кезінде, сотта, төрелікте немесе аралық сотта, басқа органдарда олардың мүдделерін қорғауға, оларға өзге де құқықтық көмек көрсетуге, заң консультацияларын және басқа да құқықтық көмек қызметтерін құруға;

3) мемлекеттік органдарға олар қабылдаған, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын құқықтық актілердің толық немесе ішінара күшін жою не оларды өзгерту туралы өтініш жасауға;

4) мемлекеттік органдардың кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын актілері жөнінде сотқа шағым жасауға;

5) еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысуға;

6) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан

Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысуға ;

7) өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға ;

8) келіссөздер жүргізуге, келісімдерді, ұжымдық шарттарды дайындауға және жасауға ;

9) ақша қорларын қалыптастыруға ;

10) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссия) құрамында еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша жұмыс берушімен бірлескен іс-қимыл ұйымдастыруға, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауға тексеру жүргізуге ;

11) азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға ;

12) өз өкілдері арқылы өз кәсіподағы мүшелерінің кәсіпорындары мен жұмыс орындарында болуға ;

13) заңда белгіленген тәртіппен жиналыстар, митингілер, көше шерулерін, демонстрациялар, ереуілдер ұйымдастыруға және өткізуге ;

14) уәкілетті мемлекеттік органдарға кәсіподақтар туралы заңнаманы бұзатын, келісімдерде, ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын тұлғаларды жауаптылыққа тарту жөнінде ұсыныстар енгізуге ;

15) баспа қызметімен айналысуға, баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, кәсіпорындарда өз қызметін жариялауға ;

16) меншікке ие болуға ;

17) егер бұл жарғы мақсатына сәйкес келсе, өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар .

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, жұмыс берушілермен жасалатын келісімдер мен шарттарда кәсіподақтардың өзге де құқықтары белгіленуі мүмкін.

3. Мемлекет кәсіподақтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырады және олардың қызметінің кепілдіктерін белгілейді.

18-бап. Кәсіподақтардың міндеттері

Кәсіподақтар :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және жарғының ережелерін, кәсіподақ органдарының шешімдерін сақтауға ;

2) ұжымдық шарт, салалық, өңірлік, бас келісімдер бойынша өз міндеттемелерін орындауға ;

3) өкілеттіктері шектерінде әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға ;

4) кәсіподақ мүшелерінің заңнамада белгіленген жиналыстар, митингілер, көше

шерулерін, демонстрациялар, ереуілдер мен басқа да акцияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

5) кәсіподақ мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы негіздері бойынша сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізе алу және пәтуаға қол жеткізу дағдыларын дамыту жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;

6) қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдесуге;

7) өз мүшелеріне ақшалай қаражаттың жарғыда айқындалған шарттарда және тәртіппен түсуі және жұмсалуды туралы хабарлауға міндетті.

19-бап. Кәсіподақ мүшелерінің еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қ о р ғ а у

Кәсіподақтар жұмыс берушіден тәуелсіз болып табылады және кәсіподақ органдары арқылы жұмыс берушімен қатынаста өз мүшелерінің атынан өкілдік етеді, олардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін:

1) құқықтық және консультациялық, оның ішінде кәсіподақ мүшесі жұмыс берушімен еңбек шартын жасасқан кезде көмек көрсету;

2) еңбек шартын тоқтатудың негізділігі туралы дәлелді пікір білдіру, өз мүшелерінің еңбек жағдайларын ұжымдық шартқа, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келісу;

3) өз мүшелерінің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа өтінішпен жүгіну;

4) өз мүшелері атынан, сондай-ақ шарттық негізде оған уәкілеттік берген қызметкерлердің атынан жұмыс берушімен ұжымдық шарт, келісім жасасу;

5) жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясының, ұжымдық еңбек дауларын қарау кезінде бітімгерлік комиссиясының және еңбек төрелігінің құрамына қатысу арқылы қорғайды.

Өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсаттарында кәсіподақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін барлық басқа да тәсілдерді пайдалана алады.

Кәсіподақ өз мүшелерінің отбасыларына да көмек көрсетеді.

20-бап. Кәсіподақтардың республикалық, салалық, өңірлік деңгейлерде және ұйым деңгейінде әлеуметтік әріптестікке қатысуы және қабылданған шешімдердің орындалуына мониторинг жасау

1. Кәсіподақтар әлеуметтік әріптестікке:

1) әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық, салалық, өңірлік үшжақты комиссиялардың жұмысына қатысу;

2) келісімдер мен ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлеу және оларды жасасу;

3) жұмыс берушілермен, олардың бірлестіктерімен (қауымдастықтарымен,

одақтарымен), еңбек қатынастарын және олармен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдармен консультациялар (келіссөздер) жүргізу, қызметкерлердің еңбек саласындағы құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын жетілдіру ж о л ы м е н қ а т ы с а д ы .

2. Кәсіподақтар қабылдайтын шешімдер, ұжымдық шарттардың ережелері әлеуметтік әріптестік органдары қабылдайтын шешімдерге және бас, салалық және өңірлік келісімдердің ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

3. Кәсіподақтар қабылдаған шешімдердің орындалу мониторингін жоғары деңгейдегі к а с і п о д а қ т а р :

1) жергілікті кәсіподақтар қабылдаған шешімдерді – олардың мүшелік ұйымы болып табылатын салалық кәсіподақтар;

2) аумақтық кәсіподақтар бірлестіктері, салалық кәсіподақтар қабылдаған шешімдерді – олардың мүшелік ұйымы болып табылатын республикалық кәсіподақтар бірлестіктері жүзеге асырады.

21-бап. Кәсіподақ мүшелері құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру

1. Кәсіподақтар өз мүшелерінің, сондай-ақ шарттық негізде өздерінің мүдделерін білдіруге өкілеттік берген басқа да қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жүргізілетін қоғамдық бақылауға жұмыс берушінің тарапынан қарсы іс-әрекеттің жасалуына және кедергі келтірілуіне жол берілмейді.

2. Кәсіподақтар бес жылда кемінде бір рет өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша мерзімдік аттестаттауға қатысуға жіберілуге тиіс.

3. Кәсіподақтың уәкілетті өкілі өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына кіреді.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсаттарында кәсіподақтар тепе-теңдік негізде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитеттің (комиссияның) құрамына кіреді.

22-бап. Кәсіподақтардың талаптар қоюы, ереуілдер, жиналыстар, митингілер, көше шерулерін, демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу

1. Кәсіподақтардың Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде айқындалған тәртіпті сақтай отырып және жағдайларда талаптар қоюға құқығы бар.

2. Егер бітімгерлік рәсімдер арқылы ұжымдық еңбек дауын шешуге қол жеткізілмесе, сондай-ақ жұмыс беруші бітімгерлік рәсімдерден жалтарған не дауды шешу барысында қол жеткізілген келісімді орындамаған жағдайларда кәсіподақтар ереуіл өткізу туралы шешім қабылдай алады.

Бұл ретте сот заңсыз деп таныған ереуілге қызметкерлердің қатысуын жалғастыруға
ш а қ ы р у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Кәсіподақтар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен
бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар
ұ й ы м д а с т ы р а д ы ж әне ө т к і з е д і .

4. Кәсіподақтар бірлескен наразылық акцияларын өткізу үшін өздерінің күш-жігерін
біріктіріп, басқа кәсіподақтармен және қызметкерлер топтарымен ынтымақтастық
белгісі ретінде осындай акциялар өткізе алады.

23-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары саласында қызметті жүзеге асыру

Кәсіподақтардың бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастыру және олардың
қызметі Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы
заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

24-бап. Кәсіподақтардың ақша қорлары

Кәсіподақтар меншікті және сырттан тартылған қаражат есебінен кәсіподақтардың
жарғылық міндеттері мен мақсаттарын іске асырудан туындайтын іс-шараларды
қаржыландыруға арналған әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ақша қорларын
қалыптастыра алады.

25-бап. Кәсіподақтардың мемлекеттің әлеуметтік саясатын қалыптастыруға қ а т ы с у ы

Кәсіподақтар жұмыссыздыққа қарсы күрес және жұмыспен қамтуды қамтамасыз
ету бағдарламаларын қоса алғанда, өз мүшелерін әлеуметтік қорғау, жұмыстан
босатылатын қызметкерлерді қорғау жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды, ең
төменгі күнкөріс деңгейін белгілеу және оны сақтау, табыстарды индексстеу,
жалақының, зейнетақылардың, стипендиялардың және жәрдемақылардың ең төменгі
деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді, оларды тиісті мемлекеттік
органдарға ұсыныстар ретінде енгізеді.

26-бап. Кәсіподақтар қызметінің кепілдіктері

Мемлекет кәсіподақтарға берілген құқықтардың және олардың қызметі
кепілдіктерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Мақсаты кәсіподақтарды қандай да бір органдарға және ұйымдарға тікелей немесе
жанама бағындыру немесе олардың құқықтарын шектеу болып табылатын, сондай-ақ
заңда және кәсіподақтардың жарғысында (өзге де негіз болатын құжаттарда) көзделген
қызметіне кедергі келтіретін кез келген іс-әрекетке тыйым салынады.

Мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер (бірлестіктер, қауымдастықтар, одақтар)
кәсіподақ органына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын
ақпаратты қоспағанда, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауға байланысты
мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

Ұжымдық шартта көзделген жағдайларда жұмыс беруші, жергілікті кәсіподаққа, бастауыш кәсіподақ ұйымына мәдени-көпшілік және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысына ақшалай қаражат аударады.

27-бап. Кәсіподақ органдарына сайланған және негізгі жұмысынан босатылмаған адамдарға арналған кепілдіктер

1. Негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерін олар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының дәлелді пікірінсіз тәртіптік жазаға тартуға болмайды. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысын (төрағасын) жоғары тұрған кәсіподақ органының дәлелді пікірінсіз тәртіптік жауапкершілікке тартуға болмайды.

2. Заңды тұлға таратылған не жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерін жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібі сақталған кезде, осы адамдар мүшесі болып табылатын кәсіподақ органының дәлелді пікірін ескере отырып жол беріледі. Заңды тұлға таратылған не жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысын (төрағасын) жұмыс берушінің бастамасы бойынша жоғары тұрған кәсіподақ органының дәлелді пікірінсіз жұмыстан босатуға болмайды.

3. Тәртіптік жаза қолдану және осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген адамдармен еңбек шартын бұзу туралы жұмыс берушінің актісін шығарған кезде кәсіподақ органының дәлелді пікірін ескеру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

4. Сайланбалы лауазымдарға сайлануына орай жұмыстан босатылған адамдарға сайланбалы лауазымдағы жұмыс кезеңіне еңбек шартының қолданысы тоқтатыла тұрады. Сайланбалы лауазымға сайланған адамның лауазымында жұмыс істейтін адаммен жұмыста жоқ қызметкерді алмастыру уақытына еңбек шарты жасалады.

5. Ұжымдық шарттарда кәсіподақ органдарының сайланбалы және басқа мүшелері үшін басқа да кепілдіктер көзделуі мүмкін.

6. Кәсіподақ органдарының мүшелері өз мүшелерінің мүдделерінде қоғамдық міндеттерді орындау үшін кәсіподақ оқуы, кәсіподақтар шақыратын съездерге, конференцияларға, сондай-ақ олардың пленумдарының, төралқаларының жұмысына делегаттар ретінде қатысуы кезінде негізгі жұмыстан босатылады. Босату шарттары және ақы төлеу тәртібі ұжымдық шарттарда және келісімдерде көзделеді.

5-тарау. Кәсіподақ органдары

28-бап. Кәсіподақ органдарының өкілеттіктері

Кәсіподақ органдарының өкілеттіктері кәсіподақтың жарғысында айқындалады.

Келісімдерге және ұжымдық шарттарға сәйкес кәсіподақ органдары мен жұмыс берушілер ұйымдардағы басқа да әлеуметтік-еңбек, экономикалық мәселелерді шеше алады.

29-бап. Кәсіподақ органдарының қызметі үшін материалдық жағдайлар

Кәсіподақ органының материалдық жағдайлары жарғының, ұжымдық шарттың немесе келісімнің негізінде айқындалады.

Кәсіподақ мүшелерінің өздері кәсіподаққа берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ.

30-бап. Кәсіподақ жарналары

Кәсіподақ ұйымның қызметіне нұқсан келтірмей, жұмыс және оқу орны бойынша кәсіподақ жарналарын жинауға құқылы.

Жұмыс беруші тараптардың келісімі бойынша және кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлердің жазбаша өтініштері болған кезде, айына кемінде бір рет, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірмей қызметкерлердің жалақысынан мүшелік кәсіподақ жарналарын кәсіподақтың есепшотына аударады.

Кәсіподақ жарналары кәсіподақтың меншігі болып табылады.

6-тарау. Кәсіподақтардың меншігі, олардың шаруашылық және қаржылық қызметі

31-бап. Кәсіподақтардың меншігі

Кәсіподақтардың меншігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған, алынған немесе оған берілген мүлік құрайды.

Кәсіподақ меншігін қалыптастыру көзі:

- 1) мүшелік жарналардан түсімдер;
- 2) ерікті мүліктік жарналар және қайырмалдық;
- 3) заңда тыйым салынбаған өзге де түсімдер болып табылады.

Кәсіподақтар өздеріне меншік құқығымен тиесілі мүлікті кәсіподақтар мүшелерінің мүдделеріне орай иеленеді, пайдаланады және оларға билік етеді.

Кәсіподақтар өз кезегінде кәсіподақтардың міндеттемелері бойынша жауап бермейтін мемлекеттің, жұмыс берушілердің, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Кәсіподақтардың ақшалай қаражатының көздері, қалыптастыру және жұмсау тәртібі кәсіподақтың жарғысында айқындалады. Кәсіподақтардың қаржылық қызметі олардың жарғыларына сәйкес жүзеге асырылады.

32-бап. Кәсіподақтардың өндірістік және шаруашылық қызметі

Жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге қызмет ететіндіктен, кәсіподақтардың өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

7-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

33-бап. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасын бұзған жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

34-бап. Өтпелі ережелер

Кәсіподақтар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде осы Заңның талаптарына сәйкес өздерінің ұйымдық құрылымдарына және құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

35-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Кәсіптік одақтар туралы» 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 200-құжат; 1995 ж., № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2013 жылғы 5 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті